



030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

030010, город Актөбе, пр. Абилқайыр хана, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

20 18 жылғы 22.05. № _____

2018 жылғы 22 мамырда
облыстық мәслихаттың
сессиясында жария етілген

Ақтөбе облысының әкімі
Б.М.Сапарбаевқа

Депутаттық сауал

Құрметті Бердібек Машбекұлы!

Бүгінгі күні Қарғалы ауданының әкімдігі ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын әрі қарай қамтамасыз ету мақсатында жүйелі проблемаларды анықтау және шешу бойынша бірқатар жұмыстар атқаруда. Ол негізінен құрылыс, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік нысандар саласына қатысты және бюджеттік қаржыландырудың шектеулі мүмкіндіктерімен байланысты болып отыр.

Қарғалы ауданының Бадамша ауылында 5 қабатты 60 пәтерлі жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр, 2018 жылдың маусымында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Бірақ, нысанды уақытылы пайдалануға беру үшін, инженерлік коммуникациялық желілерді жүргізу және аумағын абаттандыру қажет. Ол жұмыстарды жүргізуге дайындалған жобалық-сметалық құжаттамалар бар, сараптаманың оң қорытындысы да алынған, жалпы құны **82,7 млн. теңге**. Бюджеттік нақтылауға жіберілген 30,0 млн. теңгені қоса алғанда, жетпей тұрған сомма **52,7 млн. теңгені** құрайды.

Сіздің тапсырмаларыңызды орындау шеңберінде Бадамша ауылының орталық саябағын **166,3 млн. теңгеге** абаттандыру жүргізілуде. Жобада талдар мен гүлдердің әр түрін, газондар отырғызу, шағын сәулеттік пішіндер түрлерін орнату, тақтайшалар мен жол төсемдерін салу, саябақ ортасында субұрқақ орналастыру және т.б. қарастырылған. Жобаны жүзеге асыруға аудандық бюджеттен **71,0 млн. теңге** бөлінді, құрылысты аяқтау үшін қосымша **95,3 млн теңге** қажет.

Қазіргі уақытта, 70 жыл бұрын салынған, Қарғалы аудандық мәдениет үйі күрделі жөндеуді талап етеді, аталған мәселе ғимараттың негізгі көтергіш және қоршау құрылымдарының нашарлауына әкеп соғады, себебі ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізілген жоқ. Осыған орай, 2017 жылы сметалық құжаттама әзірленіп мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Күрделі

жөндеудің соммасы **64,1 млн. теңгені** құрайды. Бюджеттік нақтылау кезінде облыстық бюджеттен жөндеу жұмыстарына **10,0 млн теңге** бөлінді. Жұмыстарды аяқтау үшін қосымша **54,1 млн. теңге** қажет. Күрделі жөндеу жұмыстарына конкурс жарияланды.

Құрметті Бердібек Машбекұлы, аталған нысандардың құрылысы мен қайта жарақталуын уақытылы аяқтауға барлығы **202,1 млн. теңге қаражат бөлуге ықпал етуіңізді сұраймын.**

Алайда, облыстық бюджеттен көрсетілген қаражаттың бөлінуі мүмкін емес, немесе жеткіліксіз болса, Сіздің тапсырманыз бойынша Қарғалы ауданының әкімдігі салық төлеушілермен бірқатар жұмыстар жүргізіп, салық төлеушілердің міндеттемелерін орындау бойынша жоспарды толық орындап, жоспардан жоғары жер қойнауын пайдаланушы «Дочернее предприятие Актөбе-Темир-ВС» АҚ міндеттемелерін орындамағанын анықтап, облыстық бюджетке **129,0 млн теңге** қаражат түсірді, сол қаражат Қарғалы ауданының бюджетіне аударылып, жоғарыда көрсетілген шараларға жұмсалуды оң шешімін тапса, жетпей тұрған сомма **73,1 млн. теңге** бөлінуі қажет болатынын және де жоспарланған шаралар уақытылы іске асырылатынын назарыңызға жеткіземін.

Құрметпен,
Облыстық
мәслихаттың депутаты



Г.Қ. Ерғазина